

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының кінәсінен уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 шілдедегі N 787 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 617 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.08.2015 № 617 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының кінәсінен уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е д е г і

N

7 8 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының кінәсінен уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу ережесі

Осы Ереже "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес

әзірленді және Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының кінәсінен уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеудің тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі - Қор) - әлеуметтік аударымдар алымын жинауды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы - асыраушысынан айрылған жағдайда, оның асырауындағы отбасы мүшелерін қоса алғанда, оған қатысты әлеуметтік тәуекел жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға төлемдер төлеуді жүргізетін заңды тұлға;

2) асыраушы өзінің асырауындағы отбасының еңбекке жарамсыз мүшелерін өз табысының есебінен ұстап отырған адам;

3) уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер - Заңмен белгіленген мерзімде әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және (немесе) Қордың кінәсінен уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомалары;

4) әлеуметтік төлем алушы (бұдан әрі - алушы) - ол үшін Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген не өзі төлеген және әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оған қатысты әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің, ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда - қайтыс болған (сот хабарсыз кеткен деп таныған немесе қайтыс болған деп жарияланған) асыраушының асырауында тұрған отбасы мүшелері;

5) әлеуметтік төлемдер - Қор алушының пайдасына жүзеге асыратын, ай сайынғы төлемдер;

6) әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық-атқарушы орган мен оның аумақтық бөлімшелері;

7) әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің есебі жөніндегі уәкілетті ұйым - Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық (бұдан әрі - Орталық) - өңірлерде құрылымдық бөлімшелері бар, міндетті әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдерді аударуды жүзеге асыратын, әлеуметтік аударымдар мен төлемдердің дербестендірілген, орталықтандырылған есебін жүргізетін мемлекеттік кәсіпорын.

2. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Орталықтың және (немесе) Қордың кінәсінен уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу тәртібі мен мерзімдері

2. Орталық уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын, индекстеуді ескере отырып төлеуді мынадай жағдайларда:

1) әлеуметтік төлем алушы әлеуметтік төлемдерді уақытылы не толық төлемегенін өздігінен анықтаған жағдайда Орталықтың құрылымдық бөлімшесіне өтінішпен барғанда;

2) әлеуметтік төлем сомаларын алушыға төлеу (тағайындау) туралы соттың шешімі келіп түскенде;

3) әлеуметтік төлемдердің уақытылы не толық төленбегенін әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган, Орталық немесе Қор анықтағанда жүргізеді.

3. Әлеуметтік төлемдердің сомаларын уақытылы не толық төленбегенін анықталған кезде:

1) Орталық бірінші кезекте уақытылы не толық төленбеуінің себебін анықтайды және оларға қатысты уақытылы не толық төленбеу себебі жойылған алушылар бойынша төлемдердің кешіктірілген уақыты үшін индекстеу сомаларын ескере отырып, уақытылы не толық төленбеген әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу үшін қажетті қосымша қаражат қажеттілігінің (бұдан әрі - қосымша қажеттілік) сомаларының есебін құрайды және оны Қорға жібереді;

2) Қор Орталықтан қосымша қажеттілік сомаларының есебі келіп түскен күннен бастап 3 банктік күн ішінде уақытылы не толық төленбеген әлеуметтік төлем сомаларын төлеу үшін қажетті қаражатты Орталықтың шотына аударуды жүргізеді;

3) Орталық өзінің шотына уақытылы не толық төленбеген әлеуметтік төлем сомаларын төлеу үшін қажетті қаражат келіп түскен күннен бастап 3 банктік күн ішінде төлемдерді жүзеге асырады.

4. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Орталықтың және (немесе) Қордың кінәсінен уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомалары өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей төленеді және мерзімі өткен әр күн үшін (төлеу күнін қоса алғанда) осы сомаларды төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген 2-еселенген қайта қаржыландыру ресми ставкасынан аспайтын мөлшерде индекстеуге жатады.

5. Уақытылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын индекстеу әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешім шығарған айдан кейінгі айдың 16 күнінен бастап, не кезекті төлем жүргізілмеген немесе толық емес мөлшерде төлем жүргізілген айдың 16 күнінен бастап, мерзімі өткен

күндердің санын жылдың күн санына (360 күн) бөлу және алынған соманы әлеуметтік төлем мөлшері мен 2 еселенген қайта қаржыландыру ставкасына көбейту жолымен есептеледі. Бұл ретте 2 еселенген қайта қаржыландыру ставкасы осы сомаларды төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ресми ставкасын екіге көбейту және алынған соманы жүзге бөлу жолымен анықталады.

6. Әлеуметтік төлем алушыға уақытылы не толық төленбеген әлеуметтік төлемдер сомаларын индекстеу Қор активтерінің есебінен жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК